



**МАД А«0» тобының 2023-2024 оқу жылына арналған  
ата-аналармен жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1.Жаңа оқу жылымен таныстыру 2. Ата-аналар комитетін сайлау 3. Ата-аналарға психологиялық кеңес 4. Балалардың оқу құралдары т.б	Қыркүйек	Психолог
2	1.«Берекелді Алтын күз» тақырыбында қызықты әңгімелер 2. «Бала тәрбиесі-жауапты іс» 3. Жолда жүру ережесін сақтайық	Қазан Күнделікті	
3	Мерекелік ертеңгіліктер ата-аналардың қатысуымен өтеді	Уақытылы	
4	1.Тәуелсіздік күніне тәрбие сағаты:Патриоттық әндер,тақпақтар 2. «Айнала аппақ қар» ойын, ертегілер қызықты қойылымдар	Желтоқсан	
5	1.Балалардың оқу үлгерімі 2.Баяндама: «Дені саудың жаны сау» 3.Жыл басы-Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстары	Ақпан	Мектеп медбикесі
6	1.Тәрбиенің ең тамаша ортасы «Отбасы» 2. «Кім үздік?» Балалардың ең үздік жұмыстарын көрсету, белсенділерді ата-аналарды марапаттау	Мамыр	Психолог

Қатысканы: 21  
Қатыспағаны: 4

08.09.2023 жыл

**Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1. Танысу.
2. Даярлық топ бағдарласыментаныстыру.
3. Оқу іс-әрекет түрлеріментаныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

**Тыңдалды:**

1. Ата-аналар жиналысын мектепалды даярлық 0 «А» топ тәрбиеші Жауынбаева З ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындармен жұмыстар жүргізіледі. Мектептің бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, ойын түрлері-барлығы уақытымен өткізіліп отырады.
2. Тәрбиеші ата-аналарға ұйымдастырылған іс-әрекеттеріментаныстырды. Мектепке даярлық тобында «Үлгілік» бағдарламасымен жұмыс жасайды. Бұл топта 20 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеті ұзақтығы 25 мин. Сөйлеу дамыту, Сауаташу, Көркем әдебиет, қоршаған ортаментаныстыру, математиканегіздері, қазақ тілі және шығармашылық бейнелеу (мүсіндеу, сурет, жапсыру), дене шынықтыру, Өзін-өзі тану пәніналып тасталды. балатілін дамыту, аптасына өтіліп отырады. Мерекелік реттегіліміз өтіліп отырады. Мерекеде, ұйымдастырылған іс-әрекеті жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және келіп көрулеріңізге де болады. Әр ата-ана өзі пікірін айтты.
4. Тәрбиеші ата-аналарды мектептің келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анағатаратып берді. Келісім шарт мектепке келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Ата-анаға балаларын мектепте сабақ 12:00-ге дейін әкеліп, сағат 14:00-ге дейіналып кетулерін, және де баланың үстінтаза етіп әкелулеріне ескертті.
4. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-анасауалға өз ойларын білдіріп, ортағасалды. Сұрақтарға ауызша жауап берді. Ата-аналар арасынан бірауыз данойласакеле, орталарынан қолыбос, жауапкершілігі мол ата-анакomiteтін сайлады. Олар: ата-анакomiteтінің төрайымы:

Мүшелері:

**Жиналысқа аулыетті:**

1. Мектеп тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.
3. Даярлық топтың ісшараларына әр бала уақтылы қатыссын.

## Хаттама №2

Қатысқаны: 20

1

5.12.2023 жыл Қатыс  
пағаны: 5

### *Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:*

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы Ітоксанның балалардың алған білімі мен кемгіліктері. Мониторинг.
2. «Қошкелдің Жаңажыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тест

### *Тыңдалды:*

Ата-аналар жиналысын Махатаева Сандуғаш Бағланқызы ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңажыл жаңа қуанышымен келуін тіледі. Тәрбие ісінің меңгерушісі ата-аналарға мектептің күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді.

Топтың жетекшісі Сахова Райхан Жанбырбаевна оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, Әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарына итты. Ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесін таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенінайтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығына иттып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңажылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығына итты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сенім танытапсырды. Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

### *Қаулы:*

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-анада өз үлесін қоссын.
2. Жаңажыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Қатысқаны: 21  
Қатыспағаны: 4

06.03.2024ж \_\_\_\_\_

*Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:*

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

*Тыңдалды:*

Тәрбиеші Жауынбаева 3 аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады. Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейін тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өздерімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттерді наразігіна жырата алуды меңгерді. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы - наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарына йтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, биде билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті. Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді. Мерекеді балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынына йтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортағасалды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз-ата-ана» баяндама оқып берді.

*Қаулы:*

1. Топ балалары мен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.